


ТЕХНОЛОГИЯ



6 СЫНЫП

БАСПА

ИЗДАТЕЛЬСТВО



БАСПА

ИЗДАТЕЛЬСТВО

I бөлім. Ауыл шаруашылығы өндірісінің техникасы және технологиясы

§ 1. Өсімдік шаруашылығының негізгі бағыттары. Көкөніс және жеміс дақылдарын өсіру технологиясы

Өсімдік шаруашылығы ауыл шаруашылығының жетекші саласы болып табылады. Онда адамдарға тамақтану, малға азық ету және өндіріске шикізат үшін өсімдік дақылдарын өсірумен айналысады.

Өсімдік дақылдары – адамның тағам, малға азық, дәрі-дәрмек және өзге шикізат үшін өсіретін өсімдіктері.

Өсімдік шаруашылығы жекелеген дербес салаларға бөлінеді: егіншілік, көкөніс шаруашылығы, жеміс шаруашылығы, көркемдік бақшашылық және гүл шаруашылығы.

Егіншілік – өсімдік шаруашылығының саласы, дәнді дақылдар, техникалық дақылдар өсірумен айналысады.


Дәнді дақылдарды өсіру – халықты нан тағамдарымен, мал шаруашылығын мал азығымен қамтамасыз етеді. Негізгі дәнді дақылдарға бидай (2-сурет), арпа, қара бидай, сұлы, күріш жатады.



2-сурет. Бидай – басты ауылшаруашылық дақылы

Техникалық дақылдар өнеркәсіптің әрқилы саласына арналған шикізат үшін өсіріледі. Оған зығыр, қант қызылшасы, күнбағыс, мақта өсімдігі және т. б. жатады.

Қашау – тазалап өңдеу үшін қажет (12-сурет). Сондай-ақ ұста қашауының бірнеше түрі бар, оларды жүзінің еніне байланысты айырады.




12-сурет. Қашау

Ағаш балға (киянка) – ағаштан немесе резеңкеден жасалған болуы мүмкін (13-сурет). Ағаш балға қашаумен жұмыс істегенде қолданылады, оның сабы ұстауға ыңғайлы болады. Ағаш балғаны қолдану кескіш аспаптардың сабын бүлдіруден сақтайды.




13-сурет. Ағаш балға

Қол бұрғысы – әркілы диаметрлі саңылаулар бұрғылауға арналған (14-сурет).








33-сурет. Бөлшектің техникалық суреті

Сызба – сызу аспаптарымен орындалған бұйымның бейнесі, оның мәліметтері бұйым жасау, бақылау және сәйкестендіру үшін қажет (34-сурет).



34-сурет. Бөлшек сызбасы: а – алдыңғы көрініс; ә – бүйір көрініс; б – жоғарғы көрініс; в – негізгі өлшемдер; г – негізгі жазу

Сызуды дұрыс оқу үшін затты жазықтық бетінде бейнелеу ережесін, сондай-ақ сызуды орындау үшін қабылданған шартты белгілерді білу қажет.

5	Дайындамаға сегіз қырлы сызық түсіру, сегіз қырлы дайындаманы рейсмуспен сызу		Сызғыш, рейсмус, қарындаш
6	Дайындаманы верстаққа бекітіп, сегіз қырланғанша сүргілеу		Верстақ, сүргі
7	Бөлшекті рашпильмен домалатып түрпілеу		Верстақ, рашпиль
8	Бөлшектің диаметрін кронциркульмен және сызғышпен бақылау. Қажет болған жағдайда керекті өлшемге дейін өңдеу		Кронциркуль, сызғыш
9	Бөлшекті зімпара қағазбен тазарту		Зімпара қағаз

Мазмұны

Кіріспе	3
I бөлім. Ауыл шаруашылығы өндірісінің техникасы және технологиясы	7
§ 1. Өсімдік шаруашылығының негізгі бағыттары. Көкөніс және жеміс дақылдарын өсіру технологиясы.....	7
§ 2. Көкөніс шаруашылығындағы күзгі жұмыстар. Жеміс-жидек дақылдарының вегетативтік көбеюі	11
II бөлім. Ағашты және ағаш материалдарын қолмен және механикалық өңдеу технологиясы	15
§ 3. Жұмыс орнын жабдықтау және ұйымдастыру	15
§ 4. Ағашты қолмен өңдеуге арналған құралдар	17
§ 5. Ағаш сүрегін дайындау, ағаштан кесетін материал шығару және оны қолдану	23
§ 6. Ағаш сүрегінің қасиеті, құрылымы және кемшіліктері	27
§ 7. Жасанды ағаш материалдары	31
§ 8. Призма түріндегі бөлшектердің эскизі мен сызбасы, цилиндр пішінді бөлшектердің графикалық бейнесі.....	33
§ 9. Бұйымды құрылымдау және модельдеу	38
§ 10. Цилиндрлік бөлшектерді қолмен жасау әдісі	40
III бөлім. Металды қолмен және механикалық өңдеу технологиясы	46
§ 11. Металдың физикалық және механикалық қасиеті	46
§ 12. Металдар мен қорытпалар	47
§ 13. Сорттық прокат. Сорттық прокатты жасау және қолдану	50
§ 14. Сорттық прокаттан жасалған бөлшектердің графикалық бейнесі және оларды белгілеу	52
§ 15. Дайындаманы слесарлық қол арамен кесу	55
§ 16. Жалпақ бөлшектерді егелеу.....	61
§ 17. Қозғалыс беру механизмдері. Машина және оның негізгі бөліктері. Бұрғылау білдегінің құрылымы.....	66

IV бөлім. Сәндік-қолданбалы өнер элементтері бар материалдарды көркем өңдеу технологиясы	72
§ 18. Қазақтардың және Қазақстан Республикасындағы басқа ұлт халықтарының қолданбалы өнері туралы мәлімет	72
§ 19. Ағашты көркемдеп ою	75
§ 20. Қаңылтыр бедерлеу	88
§ 21. Шекіме	90
§ 22. Теріден кәдесый бұйымдарын жасау	94
§ 23. Көркемдік сомдау. Себет өру	96
V бөлім. Электротехника және электроника негіздері	101
§ 24. Негізгі электрлік шамаларды өлшеуге арналған құралдар	101
§ 25. Электромагниттер және оларды қолдану. Электрқозғалтқыштар	105
§ 26. Электромонтаждау жұмыстарын орындау кезіндегі электр қауіпсіздігі ережелері	108
VI бөлім. Үй мәдениеті, тұрмыстағы жөндеу жұмыстары	110
§ 27. Тұрғын жайлардың интерьері	110
VII бөлім. Шығармашылық жобалау іс-әрекеті	112
Технология сабақтарында оқушылардың дербес жобалық жұмыстар орындауы	112